



ISSN 2073-333X
МЕЖДУНАРОДНЫЙ НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ

№12/1 2020

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҒЫЛЫМЫ МЕН ӨМІРІ
НАУКА И ЖИЗНЬ КАЗАХСТАНА
SCIENCE AND LIFE OF KAZAKHSTAN



ТАҒЛЫМЫ ТЕРЕҢ ТУЫНДЫ



Заң ғылымдарының докторы профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Ресей криминологтар ассоциациясының, Санкт-Петербург, Мәскеу криминологтар клубының мүшесі, Халықаралық Қазақстан криминологтар клубының президенті, Қазақстан Жазушылар және Журналистер Одағының мүшесі,

«Қазақстанның ғылымы мен өмірі» атты халықаралық журналдың Бас редакторы Есберген Алаухановтың «Ф.Н. Плеваконың сот мәжілісіндегі таңдамалы сөздері» атты жаңа кітабы жарық көрді.

Кітап Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы институты Ғылыми кеңесінің және Халықаралық Қазақстан криминологтар клубының шешімімен баспаға ұсынылды.




Сонымен бірге Қазақстан Республикасы Бас прокурорының аса маңызды істер бойынша аға көмекшісі, заң ғылымдарының кандидаты, Хабыл-

саят Әбішевтың пікір жазуының өзі кітап құндылығын аша түседі.

Кітаптың ерекшелігі сол – Ф.Н. Плеваконың бұл еңбегі тұңғыш рет түпнұсқадан қазақ тіліне аударылып отыр. Кітаптың тілі жатық, стилі түсінікті.

Ф.Н. Плевако – ХІХ-ХХ ғасырда өмір сүрген, әлемге танымал, атақты Ресей адвокаты, қазақтың жиені. Мұндай талантты қайраткердің тағылымды ғақлия сөздері сот саласындағы азаматтарға аса қажет-ақ.

Кітап заң саласы бойынша оқитын студенттерге, магистранттарға, докторанттар мен олардың ұстаздарына және жалпы оқырман қауымға арналады.



ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫ – ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ НАУКА – PHILOLOGICAL SCIENCE

Б.Б. Абилхасимова, Г. Тілеубай НАЦИОНАЛЬНАЯ СПЕЦИФИКА В ЯЗЫКОВОЙ ТКАНИ ПЕРИОДИЧЕСКОЙ ПЕЧАТИ КАЗАХСТАНА II ПОЛОВИНЫ XIX ВЕКА	578
А.Е. Айдарбекова, М. Жамбылқызы ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ «БАС» AND «HEAD» КОМПОНЕНТТЕРІ БАР СОМАТИКАЛЫҚ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРГЕ САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ	585
Н.К. Айтбаева, Д.М. Хасанова АҒЫЛШЫН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ФОЛЬКЛОРЫНДАҒЫ ЖАЛМАУЫЗ КЕМПІР БЕЙНЕСІ	592
Г.Д. Айтжанова, З.Ж. Бекмамбетова ЛИНГВИСТИЧЕСКИЕ И ЛЕКСИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ТУРИСТИЧЕСКИХ РЕКЛАМНЫХ ТЕКСТОВ	599
А.М. Azerbaeva THE DEVELOPMENT OF FEMALE CHARACTER IN THE GOTHIC NOVEL	605
Д.А.Алкебаева, К.С.Оңғарбаева ҚАЗАҚ ӘНДЕРІНІҢ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ РЕТІНДЕ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕЛУІНІҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ	612
Ә.А. Әлім, М.С. Нурманова, А.Б. Ашимова ТЕРНИСТЫЙ ПОЛИТИЧЕСКИЙ ПУТЬ МУСТАФЫ ЧОКАН	620
А.Б. Әлімжанова, Д.М. Маратова АҚПАРАТТЫҚ ҚОҒАМДАҒЫ БАЛА ҚҰҚЫҒЫ, ПСИХОЛОГИЯСЫ МЕН МЕДИАСАУАТТЫЛЫҚ МӘСЕЛЕСІ	624
А.А. Амангелді, А.Ш. Маманова ЖЫЛҚЫ АТАУЛАРЫ ҚАТЫСҚАН ФРАЗЕОТИРКЕСТЕР МЕН МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ ӘЛЕУЕТІ	630
А.Ш. Асқарова, У.Е. Мұсахан «ДАЛА» ЖӘНЕ «ҚАЛА» КОНЦЕПТИСІНІҢ ҰҒЫМЫ	635
М.В. Байдильдинова, Г. Амандыкқызы ПРОБЛЕМЫ ХУДОЖЕСТВЕННОГО ПЕРЕВОДА В КАЗАХСТАНЕ	640
N. S. Bisaliyeva, B. Zh. Koilybaieva METAPHOR AS ONE OF THE WAYS OF TEACHING FOREIGN LANGUAGE IN HIGH SCHOOL	645
С.Б. Бөрібаева, К.Қ. Смағұлова ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚҰЖАТТАР ТІЛІ	648
S. B. Boribaeva, A.S. Smagulova «THE COMMUNICATIVE PURPOSE OF NOMINAL SENTENCES IN THE EPIC NOVEL BY M. AUEZOV» THE WAY OF ABAI»	654
Р.О. Досымбекова, М.Ш. Төлбасы ҚЫТАЙ ТІЛІ ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ДИСКУРСЫ АУДАРМАСЫНЫҢ ЛЕКСИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	659
Р.О. Досымбекова, Ә.Ә. Үйкекбай «АБАЙ ЖОЛЫ» РОМАНЫНДАҒЫ ТАБИҒАТ КӨРІНІСТЕРІН ҚЫТАЙ ТІЛІНЕ АУДАРУ ТӘСІЛДЕРІ	665
А.Ш. Ермекбаева, Д.Болысова ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ МЕН АҒЫЛШЫН ӘДЕБИЕТІНДЕГІ «ӘЙЕЛ» БЕЙНЕСІНІҢ СИПАТЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ	671
А.Ш. Ермекбаева, Г. Саттарова АНТРОПОНИМДЕРДІҢ ҚОҒАММЕН БАЙЛАНЫСЫ	677
Г.Қ. Жантілеуова, Ә.Қ. Ақтас ШЕТЕЛ ТІЛІН ОҚИТУ ҮДЕРІСІНДЕ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ ИНТЕРНЕТ РЕСУРСТАРДЫ	682
А.С. Закирова, Ш.М.Майгельдиева АҢЫЗ-ӘНГІМЕЛЕРДЕГІ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫСЫ	688
А.С. Игисинова, Г.М. Раева СТЕРЕОТИПТЕР ЖІКТЕЛІМІ: ГЕНДЕРЛІК СТЕРЕОТИПТЕР ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	693

МРНТИ: 14.35.09

С.Б. БӨРІБАЕВА¹, К.Қ. СМАҒҰЛОВА²^{1,2}Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚҰЖАТТАР ТІЛІ

Аннотация: Бұл мақалада дипломатиялық стиль түрінің ерекшеліктері қарастырылады. Әртүрлі халықаралық құжаттарды талдау негізінде лингвистикалық ерекшеліктері және оның тілдік меңгерілуі көрсетілген. Қазіргі таңда халықаралық құжаттарда қолданылатын тіл мәселесіне, толық дипломатиялық стиль түріне ерекше көңіл бөлінген. Мемлекеттің сыртқы істер саясатындағы дипломатиялық қызметінің мақсаты мен міндеттерін жүзеге асыруда негігі нысандарының бірі дипломатиялық хат алмасулар түрлері туралы баяндалады. Дипломатия тәжірибесінде кездесетін дипломатиялық хат алмасу түрлері: жеке ноталар, вербальді ноталар, жаднама жазба, меморандумдар, жартылай ресми түрдегі жеке хаттарға жеке сипаттамалар берілген. Дипломатиялық стиль түрінің лексикалық, стилистикалық, морфологиялық, синтаксистік ерекшеліктері, анықталып, талданған.

Мақаланың қорытындысында халықаралық ынтымақтастықтың деңгейіне қажетті сәйкес шарттарының бірі – «дипломатия әліппесін» меңгеру, дипломатиялық құжаттарды дайындау өнерге жататыны туралы мәлімденген.

Түйіндеме сөздер: дипломатия, тіл, стиль, ерекшеліктер, құжат, терминдер.

ЯЗЫК ДИПЛОМАТИЧЕСКИХ ДОКУМЕНТОВ

Аннотация: В данной статье рассматриваются особенности дипломатического подстиля. В работе на основе анализа разных видов дипломатических документов показана лингвистическая специфика и особенности ее языковой реализации. Особое внимание уделено языку международных документов, дипломатическому подстилю. Дипломатическая переписка является одной из основных форм дипломатической деятельности государства по осуществлению целей и задач его внешней политики. Подробно охарактеризованы виды дипломатической переписки: личные ноты, вербальные ноты, памятные записки, меморандумы, частные письма полуофициального характера. Анализируются и рассматриваются лексические, стилистические, морфологические, синтаксические особенности дипломатического подстиля.

В статье обосновывается необходимость овладения «азбукой дипломатии» – искусством подготовки дипломатических документов как одного из необходимых условий соответствия уровню международного сотрудничества.

Ключевые слова: дипломатия, язык, стиль, особенности, документ, термины.

LANGUAGE OF DIPLOMATIC DOCUMENTS

Abstract: This article is discussed the features of the diplomatic substyle. On the basis of the analysis of different types of diplomatic documents, paper is showed linguistic specificity and peculiarities of its implementation language. Special consideration is attended to the language of international documents and diplomatic substyle.

Diplomatic correspondence is one of the basic forms of diplomatic activities of the state in order to implement the goals and objectives of its foreign policy. There are types of diplomatic correspondence characterized in detail: personal notes, verbal notes, aid-memoire, memoranda and private letters semi-official character. Lexical, stylistic, morphological, syntactic features of the diplomatic substyle is analyzed and considered. The necessity of mastering "Basis of diplomacy" is the art of preparing diplomatic documents as one of the essential conditions for compliance with the level of international cooperation.

Key words: diplomacy, language, style, features, document, terms.

Кіріспе.

Дипломатиялық қарым-қатынастардың шекті жасанды және регламенттелген аясы белгілі бір өзгерістерді бастан кешіруде. Дипломаттың қарсыласы жаңарды, оның контрагенттерінің аясы кеңейіп жатыр. Шиеленістерді шешудің амалдары едәуір жетілдірілуде. Дипломатияның тілі де өзгереді. Дәстүрлі дипломатияның тілі өмір

сүруде. Дипломаттар ең алдымен, сол тілде әңгімелеседі және жазады. Бұл, ең алдымен, жай пікірталас емес, шешімді қабылдаудың нақты үдерісі болатын орындарға, БҰҰ, ЕҚЫҰ, НАТО сияқты халықаралық ұйымдарға тән. Осындай тіл өңделген, әбден икемделген және көптеген дайын формулалармен жинақталған, дипломаттар бұл формулаларды белгілі бір шешімдерге қол

жеткізу үшін қолданады. Дипломатия тілі қазіргі таңда адамзат тілінің өзге салаларымен өзара әрекетке түсіп отыр. Интернеттің күрт дамуына байланысты, дипломаттар мен саясаткерлердің сөзінде терминдер, мәдениет, әсіресе кино әлеміндегі соңғы оқиғаларға сілтемелер пайда бола бастады. Дипломатия тіліне спорт терминологиясы да ене бастады. Мысалы, «қосымша уақыт», ағылшын нұсқасында «овертайм» терминін дипломаттар мәжілістің белгілі бір уақытында нақты шешімге қол жеткізе алмаған кезде, өздеріне қолданады.

Негізгі бөлім.

Дипломаттар – анықтама бойынша, үкімет белгілеген бағытты іс жүзіне асыруға арналған тәртіпті, міндетті адамдар. Ереже бойынша, ненің болатыны, ненің болмайтыны туралы дәл нұсқаулықтар бар. Ымыраға келетін, сондай-ақ мүлдем келмейтін шектері берілген. Бірінші кезекте, атап айтқанда, тұлға, содан кейін ғана дипломат болып саналатын, нұсқаулықты өзінің «мен»-і арқылы іс жүзіне асыратын адамдар ғана барынша тиімділікке қол жеткізеді.

Түптеп келгенде, дипломатия – бұл да саясат, алайда сыртқы саясат. Бұл мемлекеттік қызметшілердің, дипломаттардың, елшілердің, елшіліктер аппаратының, консулдықтардың, сондай-ақ сауда, мәдени, туристік қызметтердің іс-әрекеті; саяси ахуал мен шешендік өнер білімін толық меңгеруге құрылған іс-әрекет. Дипломатиялық міндеттерді үкімет мүшелері, ірі ведомстволардың, партиялардың, фирмалардың, білім беру мекемелерінің басшылары да – шетел мемлекеттерімен қарым-қатынас жасайтындардың барлығы да орындайды. Әрине, дипломатияда сөйлеу саласына қатысы аз көптеген талаптар сақталынады.

Ресми іс қағаздар стиліне іс қағаздары, заң құжаттарының тілі жатады. Олардың атқаратын міндеті іс-тәжірибеде маңызды мәліметтерді хабарлау, нақты жөн көрсету. Тіл тәсілдері: кітаби, ресми сөздер мен сөйлемдер.

Іс қағаздар стиліне әртүрлі мекемелерде, кәсіпорындарда, ұйымдарда жүргізілетін жазу үлгілері жатады. Іс қағаздары белгілі бір форма бойынша жазылады. Ол форманың түрлі үлгілері болады. Іс қағаздарының әрқайсысының бұрыннан белгілі бірыңғай сөздері мен сөйлем үлгілері болады. Іс қағаздары көбінесе, сол үлгі бойынша жазылады. Мұндай іс қағаздарды жазу онша қиынға соқпайды, ол алдын ала танысып жаттығу, дағдылану арқылы меңгеріледі.

Ресми стильдің көлемі, мазмұны және жазылу формасы жағынан іс қағаздарынан біраз ерекшелігі бар. Ресми іс қағаздары белгілі бір қалыпқа (штампқа) түсіп отырады, онда сөз қолданысы ерекше болады. Ресми стильде көбінесе заң, жарғы, үкімет органдарының қаулылары, халықаралық шарт, келісім, дипломатиялық нота,

үкімет хабарлары жазылады.

Ресми құжат стильдеріне тән белгілер:

- мазмұнының қысқа, тұжырымды баяндалуы;
- тұжырымдардың дәл, нақты болуы;
- сөздердің тура мағынасында пайдалануы;
- терминдер мен тұрақты орамдардың бірегейлігі;

-терминдердің қолданылу жиілігі жоғары, Мемлекеттік терминология комиссиясы бекіткен нұсқасының пайдаланылуы [3].

Ресми-іскери стильдің бірнеше түрі бар, біз өз мақаламызда дипломатиялық стиль түрінің ерекшеліктерін қарастырамыз. «Дипломатия – халықаралық келіспеушіліктерді бейбіт жолмен шешетін құрал өнері. Дипломатия сондай-ақ, халықаралық қатынастарға үйлесімді ықпал ететін және белгілі дәстүрлер мен ережелерге бағынатын техника мен шеберлік. Дипломатия тілі – бұл екі түрлі ұғымдарды белгілеуде қолданылатын айтылым. Біріншіден, бұл тілде ресми дипломатиялық қатынастар орнатылып, халықаралық шарттар бекітіледі. Екіншіден, бұл жалпы қабылданған дипломатиялық сөздікті құрайтын арнайы терминдер мен фразалардың жиынтығы» [2]. Дипломатиялық құжаттарды зерттеген дипломаттар мен ғалымдар – Эрнест Сатоу, Гарольд Джордж Никольсон, Джон Вуд, Жан Серре, В.Н.Дурденевский, Г.Н.Дульян, И.Н. Земсков, Г.А.Золотухин, В.А.Зорин, Б.Л.Колоколов, Ф.Ф.Молочков, Н.И.Моляков, Н.Г.Резниченко, С.Батыршаұлы. Қазіргі таңда ресми дипломатиялық қатынастарды жүргізуде және халықаралық шарттарды бекітуде бірыңғай міндеттелген тіл жоқ, алайда бұрын француз тілі басым болған. Заман өзгеріп, бірте-бірте тілдердің теңдік қағидасы орнатылды. Тек ерекше жағдайларда сыртқы істер министрлігінің мемлекеттік органдары, әсіресе дипломатиялық құжаттармен алмасуда, ресми хат алмасуларды өз ұлттық тілдерінде жүргізеді. «Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктері мен Қазақстан Республикасының халықаралық ұйымдар жанындағы өкілдіктерінің қызметі мемлекеттік тілде, қажет болған жағдайда басқа да тілдерді пайдаланып жүзеге асырылады [8].

«Дипломатиялық тілдің» екінші ұғымына келетін болсақ, арнайы терминдер мен фразалардың жиынтығы ретінде, жалпы қабылданған дипломатиялық сөздікті құрайтын (мысалы, «добрые услуги», «третейское разбирательство», «модус вивенди», «статус-кво», «вето» және т.б.), онда осындай терминдердің дипломатиялық құжаттарда саны аса көп емес. Дипломатиялық құжаттар тілі, стилі жөнінде неміс ғалымы Х.Вильднердің «Дипломатия техникасы» кітабында елеулі назар аударатын бірқатар пікірлер айтылған. Х.Вильднер: «*Дипломатический стиль – должен отличаться прежде всего простотой и ясностью; под этим подразумевается не простота ремесленного способа выражения, а*

классическая форма простоты, которая умеет выбирать для каждого предмета единственное подходящее при данных обстоятельствах слово [9]. Демек, дипломатиялық стиль ең алдымен, классикалық қарапайымдылығымен және айқындылығымен ерекшеленуі керек екен. Дипломат тіл маманы өкілі ретінде де танылады, дипломаттың кәсіби қасиеттеріне қойылатын талаптарды талдап көрсек: «Ең маңызды қасиеттері – байқампаздық, сенім білдіре алатын және сенімге кіре алатын». «Абыройлы сөзімен сенім арта алатын, жүріс-тұрыс стилі белгілі мемлекеттердің қарым-қатынастарының жалпы контурына үйлесімді кіретін дипломат, сенімді дипломат» – деп белгілі саясаткер және дипломат А.Н.Ковалёв дипломаттың қасиеттерін анықтайды. Дипломатия – бұл халықаралық келіспеушіліктерді бейбіт жолмен шешу өнері. Кардинал Ришельенің Саяси мұра ретінде қалдырған «Тұрақты келіссөздердің теориясы» атты еңбегі қазіргі дипломатияның негізін салуға елеулі әсер етті. Халықаралық конференциялар мен келіссөздерге қатысудан басқа, салтанатты іс-шаралар мен ресми қабылдаулардан басқа, сырт көзден толық жасырын болып келетін, дипломаттарға кең ауқымды міндеттер жүктелген. Дипломатия саласындағы ең маңызды орын алатын дипломатиялық жұмыстардың бір түрі дипломатиялық құжаттарды құрастыру, жүргізу болып саналады. Мемлекеттің сыртқы істер саясатындағы дипломатиялық қызметінің мақсаты мен міндеттерін жүзеге асыруда дипломатиялық хат алмасулар негізгі нысандарының бірі болып табылады. Мемлекеттің дипломатиялық қызметінің басқа нысандарының түрі:

-халықаралық конгресстерге, конференцияларға, отырыстарға қатысуы, яғни әртүрлі деңгейдегі мемлекет өкілдерінің тұрақты кездесулері;

-мемлекетаралық қатынастардың әртүрлі мәселелерін регламенттейтін көпжақты және екіжақты, халықаралық шарттар мен келісімдерді дайындау және бекіту;

-елшіліктер мен миссиялар атқаратын, мемлекеттің шетелдегі тұрақты өкілдігі, келген елдің дипломатиялық ведомствосымен саяси және басқа да келіссөздер жүргізуі;

-халықаралық ұйымдардың, жалпы саяси және аймақтық қызметтерінде мемлекет өкілдерінің қатысуы;

-түрлі сыртқы саяси мәселелер бойынша мемлекеттің ұстанымын жария ету, ресми ақпараттардың жариялануы;

-халықаралық актілерді және құжаттарды ресми жариялау.

Дипломатия тәжірибесінде келесі 5 дипломатиялық хат алмасу түрі анықталды:

1. Жеке ноталар

2. Вербальді ноталар

3. Жаднама жазба.

4. Меморандумдар

5. Жартылай ресми түрдегі жеке хаттар

Дипломатиялық нота (латын тілінен – *nota* – белгі, ескертпе; ағылшын тілінен – *diplomatic note*) – халықаралық құқықтағы дипломатиялық хат алмасу құжатының түрі. Дипломатиялық нота – бір мемлекеттің үкіметі атынан екінші елдің үкіметіне дипломатиялық ресми үндеу жолдау.

Дипломатиялық нота вербальді және жеке болып бөлінеді.

Дипломатиялық тәжірибеде вербальді нота жиі қолданылады (латын тілінен – *verbalis* – ауызша), жазбаша нысанда әртүрлі сипаттағы мәселелер жазылады. Вербальді ноталар үшінші жақта құрастырылады, ноталық бланкіде басылады және қол қойылмайды, оған сыртқы істер ведомствосының немесе дипломатиялық өкілдіктің мастикалық мөрі басылады және мекенжайы көрсетіледі.

Жеке ноталар әдетте маңызды қағидатты мәні бар мәселелерге қатысты немесе болып жатқан елдің дипломатиялық протоколдың бекітілген талаптарына сәйкес белгілі бір оқиға туралы ресми ақпарат немесе жеке нотаға жауап ретінде жіберіледі. Мұндай нота хаттық нысанда болады, қол қоюшының атынан бірінші жақта құрастырылады, ноталық бланкіде басылады, мекенжайы көрсетіледі және мөр басылмайды.

Жеке және вербальді ноталарда жазылатын мәселелер нақты реттелмейді. Бұл жерде болып жатқан елдің салт-дәстүрлері және қолданыстағы тәжірибесі басшылыққа алынады [4].

Халықаралық дипломатиялық тәжірибеде ноталармен алмасу халықаралық келісімшарттар жасау нысандарының бірі болып саналады.

Жеке нотаның мәтіні қаратпа сөзбен басталып, құрмет формуласы комплиментпен, яғни трафаретті құрмет фразасымен аяқталады. Вербальді ноталар да сыпайы формулалармен басталып, аяқталады.

Жаднама жазба. Дипломатиялық тәжірибеде 2 түрі кездеседі: 1) жеке жіберілген; 2) дипломатиялық шабарман арқылы жіберілген.

Жаднама жазбаның мақсаты: істің ары қарай қозғалысын жеңілдету және сұхбаттасу мен ауызша өтініш білдірудің теріс түсінігін алдын алу, ескерту.

Меморандум – жеке құжат ретінде және жеке және вербальді ноталарға қосымша болуы мүмкін. Соңғы жағдайында меморандум нотаның мағынасын дамытып, толықтырды. Меморандумның ерекшелігі – сол немесе басқа мәселелердің нақты және заңды жақтарын толық мазмұндайды. Ноталардан ешқандай өзгешелігі жоқ, тек бір ерекшелігі – құрмет формуласымен басталып, аяқталмайды және қол қойылмау керек.

Жартылай ресми түрдегі жеке хаттар таныс ресми тұлғаларға, бір жеке жағдайлар бойынша (шақырғанға ризашылық білдіру, өтініш білдіру), немесе кейбір мәселелер бойынша әртүрлі се-

бептермен оларды ресми түрде жарияламауды қажет етеді. Дипломатиялық хат алмасуларда, жіберілетін дипломатиялық құжатта қабылданған ережелер бойынша этикет талаптарын және сыпайылықты сақтау, мемлекеттің намысына тиетін дерекі сөздерден аулақ болу.

Дипломатиялық стиль түрінің тілдік ерекшеліктері

Лексикалық.

Дипломатия сөздігінің өзіндік ерекшелігі – халықаралық дипломатиялық және халықаралық құқық терминология түрлерін қолдану болып саналады. Негізінен, латын, француз сөздерінен шыққан, мысалы: *консул, конвенция, атташе, демарш, коммюнике*. Орта ғасырларда дипломатия тілі болып ең алдымен *латын тілі*, кейіннен *француз тілі* саналған. Кейде дипломатиялық құжаттардың мәтіндерінде латын терминдері мен сөздер латын жазуларымен қолданылған: *persona non grata, status quo, право veto* және т.б. Орыс тілінен шыққан кейбір терминдер – *посольство, посол, Чрезвычайный и Полномочный Посол, верительная грамота, советник, чрезвычайный посланник* және т.б. Осы терминдер қазақ тіліне – *елшілік, елші, Төтенше және Өкілетті Елші, сенім грамоталары, кеңесші, төтенше уәкіл* – деп аударылған. Дипломатиялық мәтіндер әдеби тілдің сөздері мен тіркестерінің болуымен ерекшеленеді, олар тиісті мағынада терминдер түрінде қолданылады, тек қана дипломатиялық құжат тілімен стилистикалық түрде байланысады. Мысалы: *протокол – халықаралық қатынастарда жалпы танылған ережелер жиынтығы. Жақ (сторона) – келіссөздерге қатысушы белгілі бір мемлекет және оның үкіметі және т.с.*

*Дипломатиялық құжаттарда стилистикалық жағынан «кітаби», «жоғары» айтылатын сөздер жиі қолданылады. Олар дипломатиялық құжаттарға салтанатты үндестік беріп, оның маңыздылығы мен ерекшелігіне сәйкес болады. Мысалы: Мәртебелі қонақ, ресми сапар, ілтипат білдіру және т.б. Этикет лексикасы қолданылады, оның құрамына кейде қазақ тілінің историзм сөздері кіреді: Жоғары Мәртебелі, Жоғары Мәртебелі ханым, Жоғары Мәртебелі мырза. Сонымен бірге этикет лексикасына жақын комплиментарлы лексика (дипломатиялық сыпайылықтың ресми протоколдық формулалары: *қуәландыру, ілтипат, зор ілтипат білдіру, өзіне мәртебе санау*) және т.б. Осы протоколдық, ресми формулалардың көпшілігінің халықаралық ерекшеліктері бар. Соңғы аталған топтың лексикасы дипломатиялық құжатқа ерекше маңыздылық, реңк береді. *Комплимент өнері* дипломатия тілінде ерекше өзекті және ерекше маңызды болып саналады. *Комплимент, мақтау айту, қошемет білдіру* – осының барлығы халықаралық қатынастарды нығайтудың тәсілдері. Мысалы: «Сіздің Ресей-Қазақстан арасындағы тату көр-*

шілік пен өзара құрметтің берік дәстүрлеріне арқа сүйейтін стратегиялық әріптестігін одан әрі тереңдету мәселелеріне ұдайы назар аударатыныңызды жоғары бағалаймын. Екі жақтың ерік-жігерінің арқасында көп қырлы өзара ықпалдастық алдағы кезде де серпінді дами беретініне, жаңа ауқымды жобалармен байи түсетініне күмәнданбаймын» (Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевты президенттік сайлаудағы сенімді жеңісімен Ресей Федерациясының Президенті Д.Медведевтің құттықтауы)[6].

«Жоғары мәртебелі Нұрсұлтан Әбішұлы, Сіздің дана және көреген саясатыңыздың арқасында Қазақстанның өңірдің гүлденген аралы ретінде биікке көтеріліп, халықаралық аренадағы абыройының күн сайын артуына куә болудамыз» (Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевты президенттік сайлаудағы сенімді жеңісімен Түрік Республикасының Президенті Абдулла Гүлдің құттықтауы) [6].

Дипломатиялық құжаттардың стилі, әсіресе халықаралық құжаттарға қатысты, *публицистикалық стильге* жақын келеді. Заман оларға ерекше қоғамдық-саяси үндестік берді. Дипломатиялық стиль түрлеріне экспрессивті-эмоциональді сөздер тән. Мысалы: *Сіздің көшбасшылығыңызбен Қазақстан биік белестерге жетті. Сіздің жеңісіңіз – Сіздің басшылығыңыздағы елдің, Қазақстан халқының зор сенімінің көрінісі.*

Пәкстан Қазақстанмен екіжақты қарым-қатынастарына үлкен мән береді. Мен біздің елдеріміз арасындағы достық байланыстардың одан ары да тек нығая түсетініне сенемін» (Асиф Әли Зардари Пәкстан Ислам Республикасының Президенті) [6]. Мағынаның экспрессивті-эмоциональді компоненті міндетті түрде дипломатиялық лексиканың позитивті коннотацияларымен тіркеседі, компонент сөздері бар – «болып жатқан істі, болашақта болатын істі жоғары бағалау, оған қосымша адресанттың жоғары дәрежеде қанағаттануы». Мысалы: *«Сіздің еліңіз егеменді, тұрақты және өркендеген мемлекет ретінде өзінің дамуында маңызды табыстарға қол жеткізді. Мен Қазақстанға Ауғанстандағы тұрақтылық пен қалпына келтіру ісіндегі ұстанымы үшін ризашылығымды білдіремін және мен Сіздің ұлтаралық және діни төзімділікті ілгерілету жөніндегі күш-жігеріңізді жоғары бағалаймын [6].*

Морфологиялық. Дипломатия тілінің морфологиялық ерекшеліктеріне кез келген стильдегідей кейбір сөз таптарының жиі және сирек қолданылуы жатады. Ресми-іскери тілдің оның ішінде дипломатия тілінде ең айқын ерекшеліктерінің бірі зат есімдердің жиі қолданылуы. Мысалы: *соғыс, бейбітшілік, жаһандану, қарусыздану, қауіпсіздік, лаңкестік, мемлекет.* «Біз лаңкестікті оның барлық формалары мен көріністерінде үзілді-кесілді айыптаймыз және лаңкестікті ештеңемен ақтауға болмайтынын атап көр-



сетеміз. Біз жаһандық бейбітшілік пен қауіпсіздіктің негізін бұзатын бұл қатерге қарсы күресу үшін ұлттық, өңірлік және көп жақты негіздегі іс-әрекетімізді күшейтуге бел байладық» (Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңестің Екінші Саммитінің ДЕКЛАРАЦИЯСЫ) [3].

Дипломатиялық стиль түрінің, жалпы ресми-іскери тілдің мәтіндерінің патшасы, әлбетте, «етістік» болып саналады. Етістік көпше түрдегі «біз» есімдігімен байланысып, ауыспалы осы (келер) шақта қолданылып, дипломатия стилінің ерекшелігін құрады. Мысалы: «Біз АӨСШК-ге өсе түскен қызығушылықты қанағаттанушылықпен атап өтеміз. Осыған байланысты біз 2004 жылы Таиланд Корольдігінің және 2006 жылы Корея Республикасының толық құқылы мүшелер ретінде АӨСШК-ге кіруін құттықтаймыз. Біз 5 қазанды Қазақстан Республикасы Президентінің 1992 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясының 47-ші сессиясында Азияда өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңес шақыру туралы идеяны ұсыну құрметіне АӨСШК күні деп жариялауды шештік. Айтып кету қажет, орыс тілінде етістік пен есімдік тіркесіп қатар тұрады, ал қазақ тілінде етістік баяндауыш рөлінде сөйлемнің соңында келеді. Мысалы, орыс тілінде: «Мы подтверждаем нашу приверженность всем трём главным составляющим ДНЯО. Мы призываем все государства соблюдать свои обязательства по ДНЯО, включая гарантии МАГАТЭ» [2].

Жоғарыда келтірген мысалдардан біз дипломатиялық мәтіндерде аббревиатуралардың өте көп қолданылуын көріп отырмыз. Бұл дипломатия тілінің тағы бір ерекшелігін көрсетеді. Халықаралық стандарт сипатындағы аббревиатуралар «қазақшаланбайды». Мысалы: ЮНЕСКО, ЮСАИД, НАТО, МАГАТЭ, ЮНИСЕФ; оларға қосымша дыбысталуына сәйкес жалғанады: ЮНЕСКО-ға, ЮСАИД-ке, НАТО-ға, МАГАТЭ-ге, ЮНИСЕФ-ке (Бөрібаева, 2011).

Синтаксистік. Дипломатиялық құжаттар синтаксисі өзінің ұзақ күрделі құрмалас сөйлемдер түрлерімен ерекшеленеді, оның ішінде есімшелі тіркестер, бірыңғай мүшелерімен күрделенген сөйлемдер, салалас құрмалас сөйлемдер, сабақтас құрмалас сөйлемдер, аралас құрмалас сөйлемдер түрлері кездеседі. Мысалы: «Сауда байланыстарын өрістетуге, нарық мүмкіндігі

мен тауар маркетингін зерттеу үшін Екі жақ сауда делегацияларын, маман делегацияларын, сауда ақпаратын алмасуды, өткізілетін халықаралық сауда көрмелеріне белсенді қатысушыларды ынталандыру, арнайы көрмелер мен семинарлар ұйымдастыруға ықпал жасап, бұл бағытта қажет болған жағдайларды жасауға келісті» (Иран Ислам Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастығы туралы Келісім 1992 ж.2 қараша) [3].

Дипломатиялық құжаттар тілінің мазмұндау тәсілі – хабарлы, кейде сипаттау, пайымдау түрінде құрылады. Директивті мазмұндау тәсілі халықаралық құжаттарға тән, төтенше жағдайларда – дипломатиялық қатынастарды тоқтатқанда, ультиматум жариялағанда ғана қолданылады. Наразылық ноталарында, ультиматум жариялағанда бұйрық рай оған сәйкес императивті сөйлемдер тек ерекше жағдайларда қолданылады.

Қорытынды.

Қорыта айтқанда, дипломатиялық құжаттар – халықаралық қатынастардың сыртқы әлемге шығарылатын өнімі ретінде танылады. Сондықтан «дипломатия әліппесін» меңгеру, дипломатиялық құжаттарды дайындау өнері – халықаралық ынтымақтастықтың деңгейіне қажетті сәйкес шарттарының бірі болып табылады. Дипломатиялық құжаттар – бұл ресми құжаттар, «мемлекеттік қағаз». Дипломатиялық құжаттардың тілі үшін, әсіресе, оның стилистикалық келбеті маңызды емес, фразаның әуенділігі емес, саяси мәселе бойынша мемлекеттің пікірін, нақты ұстанымын білдіруі, оның мазмұнымен толық сәйкестілігі өзекті. Дипломатиялық құжаттарды құрастыру рәсімі басталмастан бұрын, дипломатиялық құжаттардың мазмұны ережелер бойынша алдын ала үкіметтік инстанцияларға сәйкес орнатылып, саяси мақсаты анықталады. Сондықтан дипломатиялық құжаттың мақсаты – мазмұнын толық, түсінікті, сенімді етіп көрсете білу, дипломатиялық құжаттағы болмыстың жалғыз нысаны – *тіл*, оның ең негізгі элементі – сөз. Осыдан біз мазмұнмен сәйкес келетін әрбір фразаның, сөздің, тілмен жұмыс істеудің қаншалықты маңызды екендігін түсінеміз. Дипломатиядағы сөз – пайымдалған, ой елегінен өткізілген «мемлекеттің алтын қоры» екендігін атап өткіміз келеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Балақаев М., Томанов М., Жанпейісов Е., Манасбаев Б. «Қазақ тілінің стилистикасы». – Алматы: «Дәуір», 2006 ж. – 256 б.
2. Баландина Л.А., Кураченко Г.Ф. «Язык дипломатии: традиции и современность». //http://www.lingexpert.ru/conference/langlaw1/langdiplomat.html// [15.11.2011].
3. Бөрібаева С.Б. «Қазақ тілінде дипломатиялық және мемлекеттік құжаттарды рәсімдеу». – Алматы: «Қазақ университеті», 2011. – 321 б.
4. Джон Вуд и Жан Серре. Дипломатический церемониал и протокол. Москва: «Прогресс», 1976. – 446 с.

5. Дипломатический словарь в 3-х томах: /Под ред. А. А. Громыко. Москва: «Наука», 1984, 1986.
6. Елбасының атына келіп түскен құттықтаулар мен ізгі тілектер <http://www.inform.kz>. [07.04.2011].
7. Елбасының атына келіп түскен құттықтаулар мен ізгі тілектер <http://kutybolsyn.kz/1001-elbasyn-ayta-ayyndaluymen-ttytau.html>. [07.04.2011].
8. Қазақстан Республикасындағы тіл туралы 1997 ж. 11 шілдедегі № 151-І Қазақстан Республикасының Заңы 2008.21.11. // <http://www.kaznu.kz/kz1969/> [21.11.2008].
9. Попов В.И. «Умение владеть дипломатическим языком» http://radiokiller.blogspot.com/2011/05/blog-post_11.html. [11.05.2011].

1. Балақаев М., Тomanov M., Zhanpejisoв E., Manasbaev B. «Қазақ тілінің стилістикасы». – Алматы: «Дәуір», 2006 ж. – 256 б.
2. Balandina L.A., Kurachenkova G.F. «Jazyk diplomatii: tradicii i sovremennost'». // <http://www.lingexpert.ru/conference/langlaw1/langdiplomat.html/> [15.11.2011].
3. Бөрібаева С.Б. «Қазақ тілінде дипломатиялық және мемлекеттік құжаттарды рәсімдеу». – Алматы: «Қазақ университеті», 2011. – 321 б.
4. Dzhon Vud i Zhan Serre. Diplomaticheskij ceremonial i protokol. Moskva: «Progress», 1976. – 446 s.
5. Diplomaticheskij slovar' v 3-h tomah: /Pod red. A. A. Gromyko. Moskva: «Nauka», 1984, 1986.
6. Елбасының атына келіп түскен құттықтаулар мен ізгі тілектер <http://www.inform.kz>. [07.04.2011].
7. Елбасының атына келіп түскен құттықтаулар мен ізгі тілектер <http://kutybolsyn.kz/1001-elbasyn-ayta-ayyndaluymen-ttytau.html>. [07.04.2011].
8. Қазақстан Республикасындағы тіл туралы 1997 ж. 11 шілдедегі № 151-І Қазақстан Республикасының Заңы 2008.21.11. // <http://www.kaznu.kz/kz1969/> [21.11.2008].
9. Попов В.И. «Умение владеть дипломатическим языком» http://radiokiller.blogspot.com/2011/05/blog-post_11.html. [11.05.2011].

REFERENCES

1. Balakaev M., Tomanov M., Janpeiisov E., Manasbaev B. «Kazak tilinin stilistikasi». – Almati: «Daur», 2006. – 256 s.
2. Balandina L.A. Kurachenkova G.F. «Yazik diplomatii: tradicii i sovremennost'». // <http://www.lingexpert.ru/conference/langlaw1/langdiplomat.html/> [15.11.2011].
3. Boribaeva S.B. Kazak tilinde zhane memlekettik kuzhattardi rasimdeu. – Almaty: Kazak university, 2011. – 321 s.
4. Djon Vud i Jan Serre. Diplomaticheskii ceremonial i protokol. Moskva: «Progress», 1976. – 446 s.
5. Diplomaticheskii slovar v treh tomah: /Pod red. A. A. Gromiko. Moskva: «Nauka», 1984, 1986.
6. Elbasinin atina kelip tysken kuttiutaular men izgi tilekter <http://www.inform.kz>. [07.04.2011].
7. Elbasinin atina kelip tysken kuttiutaular men izgi tilekter <http://kutybolsyn.kz/1001-elbasyn-ayta-ayyndaluymen-ttytau.html>. [07.04.2011].
8. Kazakstan Respublikasindagi til turali 1997 j. 11 shildedegi № 151-І Kazakstan Respublikasinin Zani 2008.21.11. // <http://www.kaznu.kz/1969/> [21.11.2008].
9. Popov V.I. «Umenie vladet diplomaticheskim yazikom» http://radiokiller.blogspot.com/2011/05/blog-post_11.html. [11.05.2011].

Авторлар туралы мәліметтер:

Бөрібаева Сафура Болатовна - ф.ғ.к, дипломатиялық аударма кафедрасының доценті, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., sofikazgu@mail.ru
 Смағұлова Күлшат Қабдуллаевна - филос.ғ.к, дипломатиялық аударма кафедрасының доценті, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., sgulshat72@mail.ru

Information about the authors:

Buribayeva Safura Bolatovna - ph. d., associate professor of the department of diplomatic translation, Al-Farabi Kazakh National University, Republic of Kazakhstan, Almaty, sofikazgu@mail.ru
 Smagulova Kulshat Kabdullayevna - philos. k. n., Associate Professor of the Department of Diplomatic Translation, Al-Farabi Kazakh National University, Republic of Kazakhstan, Almaty, sgulshat72@mail.ru

Сведения об авторах:

Бөрібаева Сафура Болатовна - к. ф.н., доцент кафедры дипломатического перевода, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Республика Казахстан, г. Алматы, sofikazgu@mail.ru
 Смағұлова Күлшат Кабдуллаевна - филос.к. н., доцент кафедры дипломатического перевода, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Республика Казахстан, г. Алматы, sgulshat72@mail.ru